

ӘОЖ 82.0

НАРРАТОЛОГИЯ ІЛІМІ: ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нажкенов Айдын

nazhkenovaidyn@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – С. Айтуғанова

Қазіргі әдебиеттану ғылымында көркем мәтіндегі баяндауды зерттеуге негізделген нарратология бағыты ерекше маңызға ие. Бұл бағытқа қызығушылық В.Шмидтің 2003 жылы «Нарратология» кітабы шыққаннан кейін күшейе түсті [1], Батыстағы және Ресейдегі баяндау теориясының негізгі дамуы жүйеленген және нарратологияның негізгі категориялары мен ондағы бар баяндау типологияларын негіздеуге осы еңбек мүмкіндік берді.

Жалпы, зерттеушілер атап өткендей, нарратология ғылымының дамуына көптеген ғалымдардың баяндау теориясы аясындағы еңбектері әсер етті. Олар орыс формалисттері: В.Пропп, В.Шкловский және Б.Эйхенбаумның идеялары; М.М.Бахтиннің диалог принципі, П.Лаббок пен Н.Фридманның әңгімелеу техникасының англо-американдық индуктивті типологиясы; Э.Лейбфрид, В.Фюгер, Ф.Штанцель және В.Кайзердің неміс тілінде сөйлейтін комбинаторлық типологиясы; О.Людвиг, К.Фридеманның еңбектері. Чех структуралисті Л.Долежелдің және орыс зерттеушілері Ю.Лотман мен Б.Успенскийдің концепциялары нарратологияның қалыптасуына айтарлықтай әсер етті. Р.Якобеонның, француз структуралистері К.Леви-Стросстың, Р.Барттың, А.Ж.Греймастың, К.Бремонның, Ц.Тодоровтың, Ж.К.Коке, П.Рикердің, Ж.Пуленің герменевтикалық және феноменологиялық теориялары; В.Изердің, Х.Р.Яусс, оқырман қабылдау теориялары; Ж. Дерриданың, П.де Маннның постструктуралистік және деконструктивтік теориялары, т.б. осы салаға байланысты еңбектері орасан. Нарратологияның басты өкілдері ретінде келесі есімдерді атауға болады: Ж.Женетт,

М.Бал, Дж.Принс, С.Чэтман, Ю.Мюзарра-Шредер, Я.Линвельт, В.Шмид, В.Тюпа және тағы басқалары бар.

Алғашында «баяндау» термині тек тіл білімінде қолданылып, құрылымдық-стильдік білім ретінде қарастырылды. Филология ғылымының дамуына өзіндік үлес қосқан академик В.В.Виноградов өзінің әдеби стильдер мәселесіне арналған еңбегінде былай деп жазды: "Прежде всего, перед теорией литературных стилей стоит задача принципиально разграничить - с лингвистической точки зрения - основные жанровые модификации речи литературно-художественных произведений. Формы монологической и диалогической речи - поэтические и прозаические - имеют каждая свои законы сцепления словесных рядов, свои нормы внутренней динамики и своеобразную семантику. Речь литературно-художественных произведений - та область, где перекрещиваются языковые и стилистические явления; самые широкие ее разделения обусловлены, с одной стороны, границами между поэзией и прозой... опять-таки монологические и диалогические построения не всегда предстают в чистом виде, и в них тоже обнаруживается сложное разнообразие смешанных типов. И... раскрыть основные виды речи... - вот первая и центральная проблема теории литературных стилей" [2]. Жоғарыда айтылғаннан көрініп тұрғандай, баяндау мәселесі көркем шығарма стилін зерттеумен тікелей байланысты.

Шетел әдебиеттануында да баяндау терминінің мазмұнын анықтау, зерттеп-зерделеу әрекеттері жасалуда. Бұл ұғымның мәніне зерттеушілер әр түрлі түсінік береді: баяндау арасында біреулер баяндаушы баяндаған оқиғаны білдіреді десе, басқалары – оқиғаның себеп-салдарлық байланысында баяндаудан тұратын риторикалық форма деп есептейді. Басқалары баяндаудың негізгі мақсаты оқиғаны немесе оқиғалар қатарын хабарлау болып табылатын дискурс түрі ретінде қарастырады.

Қазақ әдебиетінің алғашқы теоретиктерінің бірі Қ.Жұмалиев «Әдебиет теориясы» атты еңбегінде әдебиеттану ғылымының негізгі ұғымдары мен терминдерін талдай отырып, баяндау категориясы мен оның сан алуан түрлеріне сипаттама береді. Әңгімелеудің түрлері мен формаларына ғалымның анықтамасы бойынша суреттеу (портрет, пейзаж, мінездеме), пайымдау (монолог, диалог), баяндау жатады. «Жазушы, ақындар оқиғаны бір өңкей суреттей бермейді. Портрет те, мінездеу де; күйініш сүйініш те, пейзаж да, сайып келгенде, суреттеуге жатады. Сондықтан жазушылар кейде қатысушылардың монолог, диалогтарын араластырады. ...Бірақ көркем шығармаларды оқығанда көп орын алатын баяндау екендігін, яғни оқиғаны автордың өз сөзімен айтып берушілік екендігін, көреміз» [3]. Зерттеушінің айтуынша, эпикалық шығармада автордың баяндауы басым.

Әдебиеттің теориялық мәселелерін әзірлеуде қазақ ғалымдары еуропалық және ресейлік ғылымның тәжірибесі мен жетістіктеріне сүйене отырып алға қадам басты. Өзіндік қазақ терминологиясын жасау оларға әдебиеттің даму заңдылықтары, шығармашылық процестің тетіктері, поэтиканың жалпы және ерекше қасиеттері туралы ғылыми білімдерін жинақтап, жүйелеуге мүмкіндік берді. Дәл осы тұрғыда әдебиет теоретигі З.Қабдоловтың «Сөз өнері» монографиясы Бахтиннің «словесное творчество» концепциясымен үндесіп, тақырыбының өзінде де ұқсастық байқалады. Әдеби тек пен жанр мәселелерін зерттей отырып, ғалым эпос жанрының анықтамасын тұжырымдап, оның негізін баяндалған оқиға құрайды деген пікір білдіреді. "Эпостық шығарманың арқауы - автор үшін "ішкі" субъективтік шындық емес, "сыртқы" объективтік шындық, - жекелеген адамдардың көңіл күйі ғана емес, бүкіл халықтың тұрмыс-тіршілігі, тарихи тағдырлары мен ұлттық даму заңдылықтары..." [4]. Эпикалық баяндау объектісі, З.Қабдоловтың пікірінше, сыртқы объективтік шындық. Оны ғалым былай деп нақтылайды: "... эпостың айырмасы мұнда шындық кең көлемдегі баяндау, әңгімелеу арқылы жинақталады. Сонда эпикалық шығармалардағы авторлық суреттеу мен қахарамандардың диалог-монологтары - эпостық баяндауды жүзеге асыру жолдары, амалдары мен тәсілдері ғана"

[4]. Автордың кейіпкерлерді суреттеулері, диалогтары мен монологтары – ғалымның пікірінше, эпикалық баяндаудың формалары мен әдістері.

Баяндау формалары мәселесі жайында академик Б.К. Майтанов қажырлы еңбек етіп, өзінің ғылыми көзқарастарын білдірген болатын. Ғалым «*Психологизм в художественной литературе*» атты монографиясында психологиялық талдау мәселесін өзекті етіп, бұл ұғымның мәні мен мазмұнын айқындап, классиктердің еңбектеріндегі психологиялық талдаудың жүзеге асу формаларын қарастырады. Қазақ әдебиетіндегі: С.Сейфуллин, С.Мұқанов, З.Шашкин, Ш.Мұртаза, Ә.Нұрпейісов және т.б. шығармаларына талдау жасайды. Қазақ романының баяндау жүйесіндегі автор бейнесінің функционалдық мәні туралы зерттеуші Б.Майтанов жазып, Виноградовтың авторлық образға белгілі анықтамасына сүйене отырып, ғалым «авторлық бейненің» мәні туралы өзіндік түсінігін ұсынып, көркем шығарманың баяндау құрылымындағы автор бейнесінің мәнін анықтайды. "... образ автора имеет самоорганизующее значение для всех уровней текста произведения. Автор, явно ли, скрытно ли, проникая в единый идейно-композиционный комплекс художественного творения, занимает дивергентное положение в отношении к главному объективному замыслу мастера слова" [5]. XX ғасыр көркем прозасының баяндау құрылымын талдай отырып, зерттеуші осы кезеңдегі бірқатар прозашылардың шығармашылығының эстетикалық үстемдігін арттыратын мәтіннің мазмұндық қабаттарына қатысты автор шығармашылығын қарастырады. ТМД елдері әдебиетіндегі модернистік ағым да адам тағдырларының түрлі қылықтарына терең енуге, уақыт сынынан өткен дискурстармен ұштасатын жаңа формаларды іздестіруге, мүмкіндік береді. "Это не прямое, грубое вмешательство автора в ход повествования, описания событий, создания характеристик действующих лиц и не ложное преувеличение значения их поступков, идеалов, не пресловутая демагогия, а стремление к раскрытию духовного мира персонажей путем подспудной сопричастности к жизненным конфликтам, для удачного осуществления чего несомненную роль играет мастерство пластического и психологического изображения" [5].

Осылайша, баяндау табиғаты, оның көркем әдебиеттегі түрлері мен формалары туралы әртүрлі мектептер мен бағыттар ғалымдарының жоғарыдағы теориялық тұжырымдары мен ұстанымдары зерттеушілердің зерттелетін мәселеге байланысты көзқарастарының жалпылығы мен ұқсастығы, олардың көзқарастарының бірлігі мен алуан түрлі екендігіне көз жеткіземіз.

Қазіргі әдебиет теориясы мен әдеби талдау тәжірибесінде дәстүрлі түрде екі негізгі баяндау формасы ажыратылады – 1-жақтан баяндау, 3-жақтан баяндау. Олардың әрқайсысының нақты функционалдық бағыты мен мағынасы бар. Мысалы, 1-жақтан баяндау айтылып жатқан нәрсенің шынайылығының елесін күшейтіп, көбінесе баяндаушы бейнесіне назар аударады; автор жасырын және баяндаушымен бірге емес. 3-ші жақтан баяндау авторға оқиғаны жүргізуде үлкен еркіндік береді, өйткені оның ауқымы ештеңемен шектелмейді.

Сонымен, жоғарыда айтылған пікірлерді қарастыра отырып, отандық және шетелдік зерттеушілердің тұжырымдары қойылған мәселеге деген қызығушылықтың күннен-күнге артып келе жатқанын, «баяндау» терминінің мазмұнын қазіргі заманғы нарратив теориясы контекстінде тереңірек және егжей-тегжейлі зерттеу қажеттілігін тағы да айғақтайды. Қазіргі прозаның нарратив формаларын зерттеудегі әрбір жаңа ғылыми жаңалық – барлық бұрыннан бар баяндау немесе нарратология теорияларының тізбегінің жаңа буынын қалыптастырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шмид В. Нарратология. – М.: Языки славянской культуры, 2003. – 312 б.
2. Виноградов В.В. Избранные труды. О языке художественной прозы. – М., 1980
3. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы – 1960. – 245 бет.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы. «Қазақ университеті», 1992. – 352 б.

5. Майтанов Б.М. Психологизм в художественной литературе (на материале казахского романа). – Алматы, 2004. 235 б.